

**Сыныптан тыс іс-шара**

# Тіл білгірі

Өткізген: Аппасова Г.Ш.

Мақсаты:

1) оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен білімдік деңгейлерін байқау, саралау;  
2) оқушыларды еңбексүйгіштік, адалдық борыш, ар-ұят секілді адами қасиеттерге тәрбиелеу;

3) ана тілі арқылы оқушылардың рухани дүниесін, шығармашылық қабілетін арттыру;  
(бұл сыныптан тыс іс-шара 9 "А" сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды.

-Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың

Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...

Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!-деп Мағжан ақын жырлағандай, құрметті оқушылар апталығымыздың бүгінгі іс-шарасын онлайн режимінде бастайық.

-Бүгінгі біздің іс-шарамыз 3 бөлімнен тұрады:

I.Сұрақ-жауап бөлімі.

II.Сөйлем құрау.

III. Ойтолғау.

I бөлім. Сұрақ-жауап:

Қағазда «ҚАЗАҚ ТІЛІ» деген жазу бар. Сіздер бір – бірден әріп таңдайсыздар. Әр әріптің ар жағында тақырыптар белгіленген. Әр тақырыпқа үш сұрақ немесе тапсырма беріледі. Жауап нақты, толық болуы керек.

Қазақ тілі

1. Көп тілді білетін адам кім? (полиглот)

2. Дауысты дыбыстар қалай бөлінеді? (жуан, жіңішке, ашық, қысаң, еріндік, езулік)

3. Сөз таптарын атап бер (Зат есім, Сын есім, Сан есім, Есімдік, Етістік, Үстеу, Шылау, Одағай, Еліктеу сөздер.)

Қазақ әдебиеті

1. А.Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін жатқа айт.

2. Абай атамыз айтқан 5 дос пен 5 дұшпанды ата.

(5 дос-ақыл, білім, терең ой, қанағат, рахым;)

(5 дұшпан-өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ)

3. Өлең түрінде жазылатын шығарма қалай аталады? (поэзия)

Қазақстан тарихы

1. Ата Заң қашан қабылданды? (1995 жылы 30 тамызда)

2. Тәуелсіздік күні қашан тойланады? (16 желтоқсанда)

3. «Алтын адам» қайдан табылған (Есік обасынан (курган))

География

1. Қазақстанның ең биік тауы (Хан тәңірі)

2. Қазақстан неше мемлекетпен шектеседі (5 — Ресей, Қытай, Өзбек, Қырғызстан, Түрікменстан)

3. Қазақстанда қанша облыс бар (14)

Халық ауыз әдебиеті

1. Мақал мен мәтелдің айырмашылығы неде?

(мақал 2-3 сөйлемнен тұрады, мәтел қысқа болады)

2. Еңбек туралы мақал – мәтел айт.

3. Жаңылтпаш айт.

## Қасиетті сан

1. Қазақ халқының қасиетті сандарын ата. (3, 7, 9, 40)
2. «Үш бәйтеректі» ата. (Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин)
3. «Бес арысты» ата (Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Жүсіпбек Аймауытов)

## Сен білесің бе?

1. Қазақтың атақты палуаны кім? (Қажымұқан)
2. «Айша бибі» кесенесі қайда орналасқан? (Таразда)
3. Шыңғыстауда (Семейде) қандай атақты адамдар туған? (Абай, Шәкәрім, Мұхтар)

## ”Полиглот” жұмбақ жасыру

(Жұмбақтың шешуін сайыскерлер шешіп, оны қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде айтады.)

- 1) Асқар тауда,  
қара орман (шаш — волосы — hair хеия )
- 2) Қимылдаса қос шебер,  
Қыруар — қыруар іс өнер (қол — рука — hand ханд)
- 3) Жүзіне салсаң көзіңді,  
Көрсетеді өзіңді. (Айна-зеркало-mirror mirrorу)

## II бөлім. Сөйлем құрау:

Берілген сөздер: Бейбітшілік. Ит. Ермегім. Бет. Күз. Шырмауық. Қарға. Қой. Орман. Ешкі. Сиыр. Тиін. Жүрек. Оқу. Тіл. Жылқы. Кітап. Білім. (әр оқушыға 2 сөзден)

## III бөлім. Ойтолғау. (оқушылар мына тақырыптың кез-келгенін таңдап алуына болады)

Тақырыптар: Мейірімді ана

Доссыз өмір — тұл  
Менің елім — Қазақстан  
Кітап — білім бұлағы  
Тіл — асыл ойдың бұлағы

- Осымен балалар, бүгінгі іс-шарамыз мәресіне жетті. Біздің тіліміз — ең қымбат мүлкіміз. Оны қорғау, қолдау, өркендету — біздің міндетіміз. Әр адам өз ана тілінің болашағына жауапты. Тәуелсіз еліміздің ертеңі — сендер өз тілдеріңнің мәртебесін жоғары көтереді деп сенеміз.

